

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**2021-2022 оқу жылындағы Академиялық комитет отырысының**  
**ҚАУЛЫЛАРЫ №5**

**Түркістан қаласы**

**23 желтоқсан 2021 жыл**

**Өткізілген орны:** (Онлайн режимдегі Зоом арқылы)

**Өткізілген уақыты:** 2021 жылдың 23 желтоқсаны, сағат– 15:00

**Қатысқандар – 37**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев);*
2. 2021-2022 оқу жылына бакалавриат, магистратура, докторантура, резидентура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссия төрағалары мен құрамын бекітуге ұсыныс туралы *(Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова);*
3. 2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев);*
4. Білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне орай оқулықтар мен ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы мәлімет *(Кітапхана басшысы – А.А.Абсеметова);*
5. Әр түрлі мәселелер
  - 5.1. Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесін талқылау және бекіту *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);*
  - 5.2. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2020» грант иегерлерінің жылдық есебі *(«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы 2020» грант иегерлері);*
  - 5.3. Университет ОПК дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту *(Факультет төрайымдары мен төрағалары).*
  - 5.4. Педагогикалық білім беру бағдарламаларын бітіруші курс білім алушыларының сынама Ұлттық біліктілік тестілеу (ҰБТ) нәтижелерінің талдауы туралы *(Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы - Мухиддинова С.М);*
  - 5.5. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-025-2020) өзгерістер мен

толықтырулар енгізу *(Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы - С.М. Мухиддинова)*.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты**  
**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Педагогикалық озық тәжірибе таратуды қамтамасыз ететін ашық сабақтар жүргізу, өзара сабаққа ену және ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспарларының орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижелері назарға алынсын *(Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімі)*.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты**  
**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2. 2021-2022 оқу жылындағы бітіруші білімгерлерді қорытынды аттестаттау үшін аттестаттау комиссиясының төрағалары (төрайымдары) кезекті университет Сенатына бекітуге ұсынылсын *(Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова)*.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты**  
**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1. ББ өзіндік бағалау нәтижелері әр факультетте вице-ректордың, Академиялық департаменттің қатысуымен талқыланып, нақты ұсыныстар әзірленсін. Мерзімі: 26.12.2021-11.01.2022 жж *(Академиялық департамент директоры А.М.Бостанова)*;

3.2. Контингенті аз ББ-лар бойынша бітіруші кафедралар өзіндік бағалау аясында зерттеу, талдаулар жүргізіп, олардың келешегі жайында нақты ұсыныстар әзірлесін. Мерзімі: 26.12.2021-11.01.2022 жж *(Кафедра меңгерушілері)*.

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты**  
**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1. Білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне орай оқулықтар мен ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы статистикалық мәліметі Сенатқа ұсынылсын *(Кітапхана басшысы – А.А.Абсеметова)*;

4.2. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне 2-қосымша бойынша толық қамтылмаған ББ оқулықтармен қамтамасыз етілу бағытында жоспарланған іс-

шаралардың орындалуы қадағалансын (*Кафедра меңгерушілері, Кітапхана басшысы, Академиялық комитет*);

**4.3.** Оқулықтармен өте төмен көрсеткіште қамтылған ББ толық қамтамасыз ету мақсатында шұғыл іс-шаралар жоспарланып іске асырылсын (*Кафедра меңгерушілері, Кітапхана басшысы*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселенің біріншісіне байланысты  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.1.** Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі сенатқа ұсынылсын (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселенің екіншісіне байланысты  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.2.** «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2020» грант иегерлерінің жылдық есебі сенатта қарауға ұсынылсын (*«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы 2020» грант иегерлері*);

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселенің үшіншісіне байланысты  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.3.1.** Оқулық, оқу-қуралы, оқу-әдістемелік құрал т.б. жұмыстар талаптарға сәйкес (сілтемелер, плагиат және т.б.) әзірленсін (*Факультет декандары, төраға мен төрайымдар*);

**5.3.2.** Филология факультеті, «Әлем тілдері» кафедрасының п.ғ.д., профессоры Г.Г. Еркибаеваның «Методика обучения Лексика и фразеологии» в блоках, схемах, таблицах, описаниях» атты оқу құралы Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселенің төртіншісіне байланысты  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.4.1.** Педагогикалық білім беру бағдарламаларын бітіруші курс білім алушыларының сынама Ұлттық біліктілік тестілеу (ҰБТ) нәтижелерінің талдауы назарға алынсын (*Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы - С. Мухиддинова, факультет декандары*);

**5.4.2.** Педагогикалық білім беру бағдарламаларының бітіруші курс білім алушыларын Ұлттық біліктілік тестілеуге (ҰБТ) дайындаудың кадр даярлаушы кафедрада жол картасы бекітілсін және соңғы нәтижесі білім алушылардың тестілеудегі бекітілген шекті балға 100% жинауы қамтамасыз етілсін (*жауапты - кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, факультет декандары*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселенің бесіншісіне байланысты  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ф-ОБ-001/1-007

5.5. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесіне (УЕ-ХКТУ-025-2020) өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезекті Сенат мәжілісіне ұсынысын (Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы - С.М. Мұхиддинова).

*Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшірін алынды. Көшірме дұрыс.*

Академиялық комитет ұатшысы



А.Б.Тасова